

ӘОЖ: 619:639:54-618:14-00.2:636:7

## СИЫРДЫҢ ЖАТЫР ҚАБЫНУЫ КЕЗІНДЕ ИХГЛЮКОВИТ ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУ

**Р. М. Бисенғалиев**, а.-ш. ғалымдарының кандидаты, доцент  
**Л. Ж. Душаева** магистр, **А. Г. Дарменова** магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Берілген мақалада сиырдың жатыр қабынуы кезінде «Ихглюковит» препаратының тиімділігі сипатталынады. Препарат қолданғандағы тиімділікті 7 күн ішінде қол жеткізгеніміз анықталды. Зерттеу нәтижелерін клиникалық тәжірибеде толығымен қолдануға болады.*

*В данной статье описывается эффективность препарата «Ихглюковит» при воспалении матки у коров. Была разработана схема лечения с вышеуказанным препаратом, эффективность которого наступала уже на 7-ой день. Результаты исследования можно полностью применять в клинической практике.*

*The efficiency of preparation “Ihglukovit” at cows during sore ueter is described in the article. The scheme of treatment with this preparation, efficiency of which was seen at the 7<sup>th</sup> day was developed. The results of research can be used in clinical practice.*

ЖШС «Ізденіс» осы елді мекенге қарасты сиырлардың жатыр қабынуын ихглюковитпен емдеп, оның тиімділігін анықтадым. Осы аталған шаруашылықта 2008 жылғы анықталған 8 сиыр эндометрит ауруына шалдыққан. Тәжірибе жүргізу мақсатында 3 топ құрып, осыған орай 3 емдеу схемасын құрдық. Диагноз анықталған соң экспериментке кірістік. 9 жануарды 3 топқа бөлдік. Емдеу күні 9 күнге созылды. Жатыр қабынуына дұрыс диагноз қойып, уақтылы емдеу бастау үшін алдымен аурудың клиникалық белгілерін білу қажет.

Сиырдың жатыр қабынуының асқынған түрі іріңді-катаральді қабынуға ауысады.

Жатыр қабынудың себептері: жатыр мойыны арқылы инфекцияның ішке енуі және қан арқылы таралуы [1].

Сиырдың жатыр қабынуында жануарлардың жалпы жағдайы өзгеріссіз. Аздап тәбеттің азаюы, сүт секретінің азаюы. Сыртқы жыныс мүшелерінен кілегейлі немесе іріңді кілегейлі экссудат бөлінеді, қабыну процесі өршіген сайын экссудат сұйықтайды. Көбінесе таңертеңгілік уақытта анық байқалады. Уақтылы жануар зәр шығару кейіпінде отырып, арқасын бүгіп, ауырсынады. Қынап кіреберісі мен қынапта патологиялық өзгерістер байқалмайды. Тік ішек арқылы зерттегенде бір немесе екі жатыр мүйізінің ұлғайғанын анық көреміз. Сонымен қатар пальпациялағанда әсер


етпейді. Жатыр мойыны аздап ашық күйінде болады. Жатыр қуысында экссудаттың жиналуына байланысты флюктуацияны байқаймыз [2].

Уақтылы емдеу қолданбаған жағдайда созылмалы катаральді немесе іріңді-катаральді эндометритке ұласады.

Жыныс циклі бұзылмайды. Шылым ағу периодында жыныс саңылауынан ірімтік аралас кілегей ағады. Жасырын эндометритте дистрофия, лимфоидты клетканың ошақты шоғыры байқалып, жатыр бездерінің бұзылуы нәтижесінде эндометрия стромасының ісінуі пайда болады. Жатыр қан тамырлары қанға толы. Созылмалы өту барысында атрофиялық процесстер дамиды (1-сурет).

Жатыр қабынуы кезінде токсикалық заттар әсерінен шәуеттің құрамындағы заттарды өлтіреді. Емдеу мақсатында жатырға массаж жасап, ұлпалық терапия қолдануға болады.

Патологоанатомиялық өзгерістері кенеттен пайда болады. Ісікпен қатар, кілегей қабықтың гиперемиясы мен қанталаулар байқалады. Жатырдың кілегей қабаты атрофияланған. Жатырдың қабынуы нәтижесінде кей жағдайларда кисталар өсуі мүмкін. Жатыр қуысында қою қоймалжың кілегейлі-іріңді ақшыл-сары немесе қызғылт түсті экссудат бөлінеді.



**1-Сурет – Жатыр қабынуы нәтижесінде жұмыртқалықтарда пайда болған киста көрінісі**

Жатыр қабынуы асқынған түрінде организмнің жалпы жабырқауы, тәбеттің төмендеуі, жануардың арықтауы да байқалады.


Қынаптың кілегей қабаты ісінген, қатты қызарған. Тік ішек арқылы зерттеу жүргізгенде флюктуация байқалады. Кей жағдайда жатырдың жекелеген бөліктері ғана ісінеді (2-сурет).

Дұрыс емдеу тәсілін қолданған уақытта патологиялық процестің алдын-алуға болады. Сол себептен біз жүргізген зерттелер нәтижесіне сүйене отырып, «Ихглуковит» препаратының тиімділігін атап өткіміз келеді.

Бақылау тобындағы сиырларды шаруашылықта қолданып жүрген схема бойынша емдедік. Емделудің 1, 3, 5, 7-ші күндері сауыр аумағына 60 бірліктегі окситоцинді бұлшық етке енгізіліп отырдық. Жалпы окситоцин жатырдың бірыңғай салалы бұлшық

еттерінің жиырылуын белсендетіп, жатырдан экссудатты босатады, сүт бөлу рефлексін стимулдейді.

Жатыр ішіне неофура таяқшаларын емдеудің 2, 4, 6-шы күндері енгіздік. Енгізбес бұрын жыныс мүшелерін тазаладық. 0,1 % калий перманганат ерітіндісінде жуылған гинекологиялық қолғапты киіп, дәріні енгіздік. Неофура микробқа қарсы әсер етеді.



**2-Сурет – Жатыр қабынған кездегі жатыр мойынының бөлімі**

**1 – жатырдың көбелек қабығы; 2 – плацента; 3 – жатыр мойынының көбелек қабаты; 4 – қынаптың көбелек қабат**

Тривит-В, Д, Е витаминдерінің майлы ерітіндісін 2-ші, 3-ші күндері бұлшық етке енгіздік. Жалпы жануарлар емдом бастаған күннен 20-шы және 16-шы деген күндері сауықты.

Екінші тәжірибелік топтағы сиырлар екінші схема бойынша емделді. Алғашқы күндері бұлшық етке сауыр аймағына енгіздік, онымен қоса синэстролды да 2 мл дозада тері астына енгіздік, 2-ші күні триветті 25 мл, ал неофураның 3 таяқшасын жатыр ішіне енгіздік. 3-ші күні 40 бірліктегі окситоцинді бұлшық етке 2 мл дозада және синэстролды тері астына енгіздік. 4-ші күнде және 5-ші күнде окситоцинді 40 бірліктегі бұлшық етке, неофураны жатыр ішіне енгіздік. 6-шы күні окситоцин мен синэстрол енгізіліп, қалған күндері жатырға массаж жасалынды.

Синэстролды негізінен алдын ала йодтың спирті ерітіндісінен зарарсыздандырылған майының үштен бір бөлігіне, тері астына енгізілді. Бұл ұрғашы малдың синтетикалық қызметін қалыпқа келтіріп, оның жиырылуын күшейтеді, овциляция және шылым ағу феномендерін белсендендіреді. Емдік әсер емдеудің 14-ші, 12-ші күндері беріле бастады [3, 4].

Бірінші тәжірибелік топтың сиырларын 1-ші емдеу схемасы бойынша емдедік жалпы бұрынғы емдік заттар, дозалары, уақыты мен енгізу жолдары екінші схемаға сәйкес, тек бұнда 2 % «Ихглюковит» препараты кірістірілген, жалпы емдік курсы кезінде оны 2 рет енгізді, үшінші және алтыншы күндері 20 мл енгіздік. «Ихглюковит» антисептикалық, қабынуға қарсы, жергілікті жансыздандырғыш қасиетке ие. Сонымен қатар ол қан тамырларын тарылтып, бездердің секрециясы мен экссудат бөлінуін азайтады, ауырсыну сезімін басып, зақымдалған ұлпалардың регенерациясын жеделдетеді. Ем жетінші күні келді. «Ихглюковит» препаратының құрамына – 3,5 % ихтиол, глюкоза – 20 %, аскорбин қышқылы – 2 %, этил спирті – 2 % кіреді. Инфекцияға қолданады.

Эндометрит ауруын алдын алу үшін біз келесі 30 сиырды 3 тәжірибелік топқа бөліп олардың әрқайсысын 3 түрлі схема бойынша шаралар қолданамыз. Бұнда 1-

тәжірибелік топта жалпы сиырларға туғаннан 2 күннен бастап моцион ұйымдастыру күнде – күнде шығарып тұру. Мал туғаннан кейін 2 сағаттан бастап қағанақ суын ішкізу керек және тривит витаминін әрбір 7-ші күні бұлшық етке енгізіп тұру қажет.

II-ші тәжірибелік топта жылы тұзды сумен араластырған қағанақ суын, бұзаулағаннан кейінгі алғашқы 30-40 минутта енгіздік. Бұзаулардың қан айналымын жақсарту мақсатында бұзауларды енесіне жалатуға әкелу 1 рет болады. Жыныс қызметін стимулдеу үшін бұқаны жанында ұстау. Туғаннан кейін 2 күннен соң күнделікті моцион ұйымдастыру.

Бұзаулағаннан 2 күннен соң ректальды жатырға массажды 3 күн бойы 5 минуттан жасайды. Тривит витаминін 7 күннен соң бұлшықетке енгізу.

III тәжірибелік топта екінші тәжірибелік топпен сәйкес келеді. Бұнда қолданылатын препараттар, олардың дозалары, енгізу жолдары мен мерзімі сәйкес, тек бұнда автолюлезиваны 1 рет тері астына 25 мл енгіземіз. Осы көрсетілген тәжірибелердің ішінен III-ші тәжірибелік топ тиімдірек. Себебі оның құрамында автолюлозию бар.

Зерттеу жұмыстарын нәтижелерінің соңында мынандай қорытындылар жасауға болады: түрлі емдік схемаларды қолданып көргеннен соң оның ішінде 1-ші схема болып отыр. Себебі «Ихглюковит» препаратымен емдеу күні тек 7 күнге созылды, сонымен қатар үрдістің динамикасы өтуі анықталды.

Жануарларды емдеу кезінде асептикамен антисептиканың ережелерін қатаң сақтау қажет.

Шаруашылықта эндометритпен ауырған сиырларды емдеу үшін алғашқы схеманы, ал алдын алу кезінде III-ші схеманы қолданған тиімдірек [5].

## **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Студенцов, А. П. Акушерство, гинекология и биотехнология размножения / А. П. Студенцов, В. С. Шипилов, В. Я. Никитин – М. : Колос – 2000. – 156 с.
2. Шипилов, В. С. Практикум по акушерство, гинекология и искусственному осеменению с.-х. животных / В. С. Шипилов, Г. В. Зверева, И. И. Родин, В. Я. Никитин – М. : Агропромиздат – 1988. – 56 с.
3. Михайлов, М. И. Акушерская помощь животным 3-е изд. / М. И. Михайлов, И. Я. Чистиков – М. : Агропромиздат. – 1987. – 84 с.
4. Кленов, И. М. Ветеринарное акушерство, гинекология / И. М. Кленов – Оренбург: Ветеринария – 2002. – 96-100 с.
5. Аллен, В. Э. Полный курс акушерства и гинекология собак / В. Э. Аллен / М.: Аквариум. – 2002. – 26-30 с.